

Мақаншы ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Абай облысы Мақаншы ауданы әкімінің 2025 жылғы 10 қыркүйектегі № 2 шешімі

"Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына, 50-бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығын 2 тармағын 3 тармақшасына, Мақаншы аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі кезектен тыс комиссия отырысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі № 5 хатамасына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Абай облысы Мақаншы ауданы Қабанбай ауылдық округі, Алакөл көлінің демалыс аймағында демалыс үйлерінің ғиматтары орналасқан жағалауды шаю, шаруашылық жүргізу объектілеріне материалдық залал келу қауіпі туындауы мүмкін, осы негіздерге сүйене отырып жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Абай облысы Мақаншы ауданы әкімінің орынбасары Алия Нұрышқызы Сарбаева тағайындалсын.

3. Абай облысы "Мақаншы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысы Нұрсұлтан Советбекұлы Жақыпбаев Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын іс-шаралар жүргізсін:

1) Осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау Абай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның республикалық филиалына жолдау;

2) Осы шешімді Мақаншы ауданы әкімдігінің Интернет-ресурсында ресми жариялау.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мақаншы ауданы әкімі

Д. Койгельдин

